

"Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөнінде комиссия құру туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 134-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 152-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 628 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.08.2023 № 628 қаулысымен.

"Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 134-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөнінде комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға";

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаментінің директоры, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі, төрағаның орынбасары";

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаментінің директоры";

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электроэнергетика департаментінің директоры" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры";

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Үйлестіру департаментінің директоры (келісім бойынша)" деген жол алып тасталсын.

Премьер-Министр

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК